

Ақтобе қаласы

**ЖШС «Nursultan 77» балабақшасының
2025-2026 оқу жылына
өзін-өзі бағалау
АНЫҚТАМАСЫ**

2026 жыл

ЖШС «Nursultan 77» балабақшасының ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарына бағалау олимпиадтарын бекіту туралы» №486 бұйрығы негізінде «Nursultan 77» балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Мекеменің атауы: Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Nursultan 77» балабақшасы

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Қарғалы т.а., 10/5 үй

Телефон: 8 778 050 32 84

Электронная почта: nursultan77@mail.kz

Мекеме сайтының домені: <https://nursultan77.kz/kz/>

Инстаграмм: [nursultan.city.balabaksha](https://www.instagram.com/nursultan.city.balabaksha)

Жалпы алаңы 484,2 ш.м

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Табышева Л.Т. ЖШС «Nursultan 77» балабақша директоры А.Қ.Шавлетованың 10.09.2024 ж. №29 бұйрығымен менгеруші қызметіне тағайындалған.

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттары:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылдың 9 қыркүйегінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен берілген.

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 09.09.2021 жыл, БСН 210940014671

Құрылтайшысы: Шавлетова Асем Кудайбергеновна

Жарғы ЖШС «Nursultan 77» балабақша құрылтайшысы А.Қ.Шавлетованың мөрімен 09.09.2021ж.бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 5 қазанында №KZ32RVK00036383 хабарлама берілген.

Алғашқы медициналық санитарлық көмек дәрігерге дейін Лицензия №22025583-23.12.2022-«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

Ақпараттық анықтама. 2021 жылдың қазан айында ЖШС «Nursultan 77» балабақшасы қолданысқа берілді. Балабақшада 4 топ, барлық бала саны-75, барлық топта 75 балаға оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі.

Есет батыр мөлтек ауданының 35 % балаларын мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтиды.

2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны-7, оның 1 (14%) жоғары білімі бар, мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша 6 (86%) педагог қызмет етеді. 1 (14%) педагогта біліктілік санаты бар. 2023-2024 жылдары 1 педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Жоғары білікті педагогтер жұмыста заманауи, алдыңғы қатарлы халықаралық және республикалық тәжірибелерді қолданады.

2024 жылы «Nursultan 77» балабақшасы прокурорлық тексерістен өтті.

Материалдық-техникалық базасы.

Жоба қуаттылығы - 75 орын. «Nursultan 77» балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (8 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы.

Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық кабинетінде жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың теңестірілген 4-рет тамақтануы ұйымдастырылған.

Жетістіктері: Соңғы 3 жылда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 2 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды.

Балабақшаның мені ерушісі: Табышева Лаззат Таукеновна

Жалпы еңбек өтілі - 18 жыл жоғары, жоғары білімді, 2021 жылдан бастап «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты бар. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нен Құрмет грамотасы, Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтынан, Ақтөбе қалалық білім бөлімінен Алғыс хаттармен марапатталды.

2. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:

2025-2026 оқу жылында барлығы 8 педагог жұмыс атқарады:

Жоғары білімді -3 педагог (38%), арнаулы орта - 5 (62%)

Оның ішінде:

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша -5 (62%)

Мектепке дейінгі жоғары білім -2(25%)

Мектепке дейінгі арнаулы орта білім -3 (37%)

Саналық құрамы бойынша:

Педагог-сарапшы -1 (13%)

Біліктілік курсынан өткен педагогтар:

«Өрлеу» БАҰО-7 педагог

«Балаларды ерте дамыту институты» -1 педагог

ЖШС «Daryn ustaz» ПКБАО -5 педагог

Білімі бойынша педагогтар

Оқу жылы	Барлық педагог	Жоғары білімді	Мектепке дейінгі жоғ	Арнаулы орта білім	Мект дейінгі арнаулы орта білім	Пед.білімі жоқ
2026-2026	8	3- 38%	2-25%	5-62%	3-37%	-

Біліктілік санаты бойынша педагогтар

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары	1-ші	2-ші	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог зерттеуші	Педагог
2025-2026	8	-	-	-	-	1-13%	-	-

Біліктілік санаттарының көрсеткіші

2025-2026 оқу жылы: 8 педагогтан санаты бар 1 педагог (13%)

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Балаларды ерте дамыту институты»	«Daryn ustaz» ПКБАО
2025-2026	8	7-88%	1-13%	5-63%

Біліктілікті арттыру курстарының көрсеткіші

2025-2026 жылы: 8 педагогтан өткені 7 педагог (88%)

3.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұны бойынша тәрбиеленушілер континенті:

«Nursultan 77» балабақшасы сыйымдылығы 75 орын 4 топ. Қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленуде. 3-5 жас аралығындағы балалар қабылданады.

№	Жас аралығы	Топтар саны/балалар саны
1	Орта жас (3 жастан бастап)	1 топ/19 бала
2	Ересек жас (4 жастан бастап)	2 топ/36 бала
3	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	1 топ/20 бала
	Барлық топтар саны/ балалардың саны	4 топ/75 бала

«Баланап» ортаңғы казак тобы 3-4 жас – 19 бала

«Ертегі» ересек казак тобы 4-5 жас – 23 бала

«Құлышшақ» ересек казак тобы 4-5 жас – 13 бала

«Күншуақ» мектепалды казак тобы 5-6 жас – 20 бала

Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:

2025-2026 оқу жылдарында «Nursultan 77» балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) *Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО УОЖ) сәйкестігі:*

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізеді.

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (өзгеріс: 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.01.2025 № 12 бұйрық) (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (өзгеріс: 16.01.2025 жыл №7 бұйрығы)(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (өзгеріс: 14.10.2022 № 422 бұйрығы) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025 -2026 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды. Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

2) *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:*

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес « Nursultan 77» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім

беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақша сыйымдылығы 75 орын 4 топ. Қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленуде. 3-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті ДАРА БАЛИА сайтында ваучер арқылы тіркеледі.

«Nursultan 77» балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін: ҚР «Білім туралы» Заңына; Жарғысына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Оқу жұмыс жоспарларына; Ішкі тәртіп ережелеріне; ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында педагогикалық процесті ұйымдастыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторингтер жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған апталық жоспар (циклограмма) жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдары қарастырылған. Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті жүзеге асырудағы әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

2025-2026 оқу жылы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

«Nursultan 77» балабақшасының Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясымен мектеппен сабақтастық кестесі құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Балабақша педагогтары қалалық, аймақтық семинар практикумдар өткізіп, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттері орындауды талап етеді. Үлгілік бағдарлама Стандарт талаптарына сәйкес: «Адал азамат» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар.

Балабақшада ата-аналармен қарым-қатынас жақсы қалыптасқан. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Топтарда бұрыштар сюжеттік рөлдік ойындардың құрал жабдықтары, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр түрлі құрастырмалы ойыншықтар, театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған.

«Адал азамат» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары және материалдары бар. Өр жыл сайын жоспарға сәйкес Отанды, ана тілін сүйген, ұлттық бірлесілік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар балалардың тұлға болып қалыптасуына бағытталады. Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сәйкес өткізіледі. Түрлі мерекелік іс-шаралар, эстафеталық жарыстар, доңгелек үстелдер мен психологиялық тренингтер, кеңестер ұйымдастырылып, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалыптық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, ағымдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Өр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына- физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізіліп, хаттамалары жазылған.

2025-2026 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға тәулік бойы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

3) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы:

«Nursultan 77» балабақшасының 2025-2026 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (өзгеріс:12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.01.2025 № 12 бұйрық) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары», «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы(өзгеріс:16.01.2025 жыл №7 бұйрығы) және 2025-2026 оқу жылында «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру» әдістемелік нұсқау хаты негізінде құрастырылды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша іске асырылады: физикалық даму; коммуникативтік дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

"Дене тәрбиесі" ұйымдастырылған іс-әрекетін балабақшаның бекітілген кестесіне сәйкес тәрбиеші аптасына 3 рет өткізеді. Сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын балалардың дене белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қозғалыс белсенділігі, дене шынықтыру – сауықтыру іс-шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеттері, өзіндік белсенді және басқа да іс-шаралар арқылы күн режиміне сәйкес ұйымдастырылады.

"Сөйлеуді дамыту", "Көркем әдебиет" ұйымдастырылған іс-шаралар күн тәртібіне сәйкес орта және жоғары топтарда күн сайын, мектепалды тобында-2 сағат және "Қазақ тілі" (кестеге сәйкес орта және ересек топтарда 1 рет, мектепалды топта аптасына 2 рет) балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлері: қарым-қатынас, пәндік, ойын, еңбек, көркем, театрландырылған және басқа да түрлері арқылы ұйымдастырылады. Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде ғана емес, сонымен қатар режим сәттері, еркін ойын кезінде, оларға әртүрлі сұрақтар қою арқылы дамыту ұсынылады. Орта топтан бастап мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында балаларды күн сайын сөздік минимумға, белгілі бір үлгілік оқу бағдарламасына үйрету, тәрбиеленушілердің ауызекі тілдесуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгеру ұсынылады.

Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту оқушылардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу үшін қажетті танымдық және зерттеу іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын игеруін қамтиды: сенсориканы дамыту үшін заттар мен ойыншықтарды тәуелсіз зерттеуге, түс, пішін, көлем, кеңістіктегі орнын ажырата және салыстыра білуге көп көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған Математика негіздерін дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер,

бейнелеу, театрландырылған және тәуелсіз іс-шаралар, құрылымдау, эксперимент, математикалық мазмұндағы әңгімелер және т. б. арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған әлеммен таныстыру күн тәртібіне сәйкес объектілерді бақылау (тірі және тірі емес), заттарды зерттеу, материалдармен тәжірибе жасау, оқу (педагогтің тиісті ақпаратты оқуы, кітаптарды, иллюстрацияларды қарауы), әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы орта және жоғары топтарда күн сайын, мектепалды тобында-2 сағат ойын түрінде жүзеге асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекетте ғана емес, сонымен қатар балалардың мүдделері мен тілектерін ескере отырып күн сайын, мектепалды тобында-1 сағат ұйымдастырылады.

"Музыка" ұйымдастырылған іс-әрекеті балабақша кестесіне сәйкес аптасына 1 рет орта топтарда, аптасына екі рет ересек, мектепалды топтарда-2 сағат өткізіледі.

Тәрбиеленушілердің білім беру қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу жоснарына бейімделген білім беру бағдарламалары енгізілген.

2025-2026 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім дағдылары бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі оқытудың үлгілік оқу жоснары:

Ортаңғы топ:

Дене тәрбиесі-аптасына үш рет

Дене тәрбиесі-күн сайын

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет-күн сайын

Қазақ тілі-аптасына бір рет

Математика негіздері-күн сайын

Қоршаған әлеммен таныстыру-күн сайын

Сурет салу-күн сайын

Мүсіндеу-күн сайын

Жапсыру-күн сайын

Құрастыру-күн сайын

Музыка-аптасына бір рет

Музыка-күн сайын

Ересек топ:

Дене тәрбиесі-үш рет

Дене тәрбиесі-күн сайын

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет-күн сайын

Қазақ тілі-аптасына бір рет

Математика негіздері-күн сайын

Қоршаған әлеммен таныстыру-күн сайын

Сурет салу-күн сайын

Мүсіндеу-күн сайын

Жапсыру-күн сайын

Құрастыру-күн сайын

Музыка-аптасына екі рет

Музыка-күн сайын

Мектепалды тобы

Дене тәрбиесі-3 сағат

Дене тәрбиесі-күн сайын

Сөйлеуді дамыту -2 сағат

Көркем әдебиет- 2 сағат

Қарым-қатынас іс-әрекеті-күн сайын

Қазақ тілі-2 сағат

Қазақ тілі-күн сайын

Сауат ашу негіздері-3 сағат

Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет-күн сайын

Математика негіздері-3 сағат

Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет-күн сайын

Қоршаған әлеммен таныстыру-2 сағат

Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,

зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті-күн сайын
Сурет салу-1 сағат
Мүсіндеу-1 сағат
Жансыру - 1 сағат
Құрастыру-1 сағат
Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті-күн сайын
Музыка-аптасына 2 сағат
Музыка-күн сайын
Барлығы - 20 сағат

5. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңестіктік дамытушы орта құру

Жоба қуаттылығы - 75 орын. «Nursultan 77» балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалдық жинақтары және ойыншықтармен жабдықталған. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыру медициналық кабинетінде жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың теңестірілген 4-рет тамақтануы ұйымдастырылған.

Топтағы пәндік-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда сюжеттік-ролдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көленкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас ерекшеліктері сәйкес білім дағдылары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңестікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілді.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша:

Топтарда балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін құралдар, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массажды төсеніштер, түрлі пішінмен ойын материалдары бар. Спорттық құрал жабдықтар, секіргіш резина аттар, скакалка, обруч, құм салған қалташалар, кеглилер т.б. бар. Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары жасалған талапқа сай.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінін тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру, диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шығармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйретуге бағытталаып жасақталған көрнекілік құралдары жеткілікті.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (домино, құрастырулар, пазылдар түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар, саусақ моторикасын дамытатын ойын түрлері, сенсорлы үйшіктер т.б.) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары, тірі табиғат бұрышы-аквариум балықтары бар.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған дидактикалық ойындармен,

сахналық қойылымға арналған үйшіктермен, театр сахналау, көлеңкелі театр, сахналық ертегі қойылымына арналған аспапқыштар т.б. әр түрлі макеттермен жабдықталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ұлттық ойындар жинақтары жинақталған.

Балабақша «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратпандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрығы негізінде уақытылы жұмыстар жүргізіледі.

6. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

Балабақшада әдістемелік бөлмесі заман талабына сай әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Балабақшада әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педагогтарды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

Балабақшаның топтары ойын материалдары мен құрал-жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, қалалық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды. Сонымен қатар балабақша педагогтары іс-тәжірибе алмастыру үшін өздерінің құрастырған әдістемелік құралдары мен электронды ортасы бар.

№	Басылымның тақырыбы	Құрастырғандар
1	«Біз өнегелі ұланбыз» 2016ж. Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Табышева Л.Т
2	«Бала тілін дамытудағы ойынның маңызы» 2021ж. Әдістемелік құрал	Табышева Л.Т
3	«Ертегі терапиясы» 2021ж. Электронды орта	Табышева Л.Т
4	«Интерактивті рөлдік ойындар» 2025ж. Балабақшаға арналған әдістемелік құрал	Табышева Л.Т

Кеңес беру пунктінің жүргізілген жұмыстары.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Қаулысы, «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 2 тарау 27 тармағы және 2025 жылғы 24 қаңтардағы «Ақтобе қаласының білім бөлімі» ММ-нің №49 бұйрығы негізінде 2025

жылғы І ақпандан бастап ЖНІС «NURSULTAN 77» балабақшасында 3 жастан 5 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалар мен ата-аналарына консультациялық көмек беруге Кеңес беру пункті ашылды.

Кеңес беру пунктін жұмыс жоспары бекітіліп, мектеп жасына дейінгі балаларға жеке педагогикалық және психологиялық көмек көрсетіліп, ата-аналар қоғамының педагогикалық білімін арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Пунктін жұмысына кеңесші ретінде келесі педагогтар тартылды: Табышева Л.Т. менгеруші; Қыраубасва А.С. – медбике және тәрбиешілер.

7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда педагог жұмысының сапасын жетілдіруге ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі даму динамикасын тіркеуге, жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетуге ықпал етеді.

Таланттарға сәйкес мониторинг:

- баланың жетістігін нығайты қадағалауға;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге;
- баланың әрбір біліктері мен дағдылары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтастай менгеру деңгейін анықтауға ықпал етеді.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде балалардың жеке даму картасы толтырылды. Балалардың жеке даму картасы балабақшада барлық уақытта жүргізіліп отырады. «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер балалармен жеке түзету жұмыстарын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұны айқындалды. Әр оқу жылдарында баланы қолдау, оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендіру жұмыстары орын алып отырды. 2025-2026 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне сай жабдықталған. Мониторинг нәтижелері пайыздық көрсеткішпен көрсетілген, баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасы, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар деңгейінде (І,ІІ,ІІІ-деңгей) көрсетіліп, ұсынылды.

2025-2026 оқу жылы қорытынды

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттері дамуы			Коммуникативтік дағдылары дамуы			Ғылымдық және логикалық дағдылары дамуы			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың шінде жоғары деңгейі	олардың орташа деңгейі	олардың төмен деңгейі	олардың шінде жоғары деңгейі	олардың орташа деңгейі	олардың төмен деңгейі	олардың шінде жоғары деңгейі	олардың орташа деңгейі	олардың төмен деңгейі	олардың шінде жоғары деңгейі	олардың орташа деңгейі	олардың төмен деңгейі	олардың шінде жоғары деңгейі	олардың орташа деңгейі	олардың төмен деңгейі
кіші топ																
ортаңғы топ	19	15	4	0	15	4	0	15	4	0	15	4	0	15	4	0
ересек топ	36	28	8	0	28	8	0	28	8	0	28	8	0	28	8	0
мектепалды топ	20	16	4	0	16	4	0	16	4	0	16	4	0	16	4	0
Барлығы	75	59	16	0	59	16	0	59	16	0	59	16	0	59	16	0
%	100	79	21	0	79	21	0	79	21	0	79	21	0	79	21	0

2025-2026 оқу жылының педагогикалық үжым жұмысын қорытындылайтын бөлек, бала саны: 75, педагогтар саны-8. Оқу жылы жаңа нормативтік құжаттармен басталды. Мемлекеттік стандарт, үлгілік жоспар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен барлық нормативтік-құқықтық құжаттар мектепке дейінгі тәрбиемен әзірленген.

8. Үсыныстар:

1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткішінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
3. Барлық топтарда пәндік-дамытушы орталары толықтырылсын.
4. «Адал азамат» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

9. Қорытынды:


«Nursultan 77» балабақшасы 29.05.2026 жылғы №22 «Nursultan 77» балабақшасының қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

«Nursultan 77» балабақшасының меңгерушісі:  Л.Т. Табышева

Комиссия мүшелері:

«Nursultan 77» балабақшасының әдіскері:  Л. Табышева

«Nursultan 77» балабақшасының тәрбиешісі:  Е. Ергалиева

«Nursultan 77» балабақшасының тәрбиешісі:  Р.Ж. Бердімұратова

